

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университетта

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/UMJO2472>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SMZE2256>

***С. К. Кондыбаева¹, Р. Қабылқайратқызы², А. Е. Калиева³**

^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: saltanat.kondybaeva@kaznu.kz

СЕГМЕНТТЕЛГЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада сегменттелген еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандырудағы жоғары білімнің рөлі талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – білімнің еңбек қатынастарының динамикасына, халықты жұмыспен қамту деңгейіне және жұмыспен қамту сапасына әсерін анықтау. Мақалада білім беру мен еңбек нарығы арасындағы қарым-қатынастың білімге қолжетімділік, жұмысқа орналасу, табыс көздері және жұмыссыздық деңгейі сияқты негізгі аспектілері қарастырылған. Зерттеу ғылыми әдебиеттерді талдауға, халықты жұмыспен қамту және білім деңгейі туралы статистикалық мәліметтерге негізделген. Сегменттелген еңбек нарығы әртүрлі жұмысшылар топтары арасындағы еңбек жағдайындағы, табыс пен мансап мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтарға байланысты қиындықтарды тудырады. Дегенмен, жоғары білім осы айырмашылықтарды жұмсарту және теңгерімді және тең еңбек нарығын құру үшін қуатты құрал бола алады. Авторлар жоғары білімнің еңбек нарығындағы теңсіздікті азайту, жұмысшылардың кәсіби дайындығын арттыру және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету құралы ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижелері білім беру мен еңбек нарығының өзара әрекеттесу механизмдерін жақсы түсінуге көмектеседі, бұл білім беру және жұмыспен қамту саласындағы тиімді стратегияларды әзірлеуге негіз болады.

Кілтті сөздер: Жоғары білім, еңбек нарығы, еңбек нарығын сегменттеу, жұмыспен қамту, жұмыссыздық.

Кіріспе

Қазіргі әлемде жоғары білім жеке тұлғаның кәсіби дамуын ғана емес, сонымен бірге жалпы еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандыруда шешуші рөл атқарады. Бұл білікті кадрларға сұраныс пен дайындалған мамандарды жеткізу арасындағы алшақтықты азайтуға көмектесетін маңызды құрал. Дегенмен, еңбек нарығын сегменттеу орын алған қазіргі жағдайда жоғары білімнің рөлі туралы мәселе ерекше өзекті болып отыр.

Сегменттелген (дуалды) еңбек нарығы теорияларын 1960–1970 жылдары кейбір АҚШ экономистері белгілі бір топтардың төмен әлеуметтік мәртебеге ие болуына байланысты экономикалық емес себептерден болып, мәнсап жолында көтеріле алмауын түсіндіру үшін пайдаланды [1: 2]. Бұл теорияның дамуына түрткі болған жағдай: АҚШ-тағы кедейшілікті жоюға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың «кедей таптың адам капиталын арттырса, олар мәнсап жолымен көтеріле алады» деген идеяны алға тартуы болды. Зерттеушілер бұндай нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, себебі еңбек нарығы бірінші реттік және екінші реттік еңбек нарықтарына бөлінген деп тұжырымдады. Жоғары білімді саралауда инструментализмнің артып кетуі саясаттанушылар мен экономистердің жоғары білім иегерлерінің көп болуы оларға деген сұраныстың да артуын әкеледі деген пайымдаудың қазіргі таңда мәселеге айналып отыр [3]. Жоғары білімді диплом иегерлерінің көп болуы, сұраныстың артуына емес, жоғары білімділер арасындағы жұмыссыздық артуына әкелуі әбден мүмкін [4]. Яғни жоғары білім беру ғана емес, сапалы жоғары білім беру өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл жерде физикалық, географиялық және қаржылай шектеулерді шайған онлайн білім берудің рөлі мен үлесі де маңызды [5]. Жоғары білім қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының іргелі элементтерінің бірі ретінде Қазақстан Республикасының жағдайында қоғамның менталитетінің қалыптасу және даму процесін көрсетеді. Дегенмен, жоғары білім туралы дипломның болуы адамның еңбек нарығындағы жағдайына қалай әсер етеді деген сұрақ тереңірек талдауды қажет етеді.

Материалдар және әдіснама

Талдау жүргізу үшін ғылыми әдебиеттердің талдауы пайдаланылды, яғни жоғары білімнің еңбек нарығына әсері және жұмыс күшін сегменттеу туралы ғылыми зерттеулер зерттелді және талданды.

Жұмыспен қамту, жалақы, кәсіби ұтқырлық және еңбек нарығының басқа да параметрлері туралы ресми статистикалық зерттеулер мен мемлекеттік есептердің деректері пайдаланылды.


Қазақстан Республикасында 2021 жылғы жүргізілген жалпыұлттық халық санағы қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәртебесін айтарлықтай

ашып берді. Сонымен қатар Ұлттық статистика бюросындағы жоғары білім мен еңбек нарығына қатысты динамикалық көрсеткіштер мақаладағы ғылыми талдауға қолғабыс ететін болады. 2021 жылғы халық санағының нәтижесінде жалпы халық саны: 19 169 550 адам, жыныстар ара салмағы: ерлер – 48,71 %, әйелдер – 51,29 %, халықтың орташа жасы – 31,94 жас, халықтың 33,97 % – 17 жасқа дейінгі балалар, халықтың 19,72 % – 14–28 жас аралығындағы жастар, еңбекке қабілетті халық саны – 11 320 410 адам, яғни Қазақстан халқының 59,05 %-ы екені анықталды [6]. Статистикалық мәліметтерді талдау, синтездеу және жоғары білім мен еңбек нарығын эмпирикалық бақылау жүргізу арқылы жоғары білімнің сегменттелген еңбек нарығын тұрақтандыруға қаншалықты ықпал етіп жатқанын талдаймыз.

Нәтижелер және талқылау

2001 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы халқының жұмыспен қамтылуы айтарлықтай өсті, бұл еңбек нарығындағы өзгерістер динамикасымен сипатталады.

Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамтудың негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық мәліметтерді талдау сегменттелген еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандыруда жоғары білімнің маңызды рөлін растайды. Халықтың білім деңгейінің артуы жұмыспен қамту көрсеткіштерінің жақсаруына және жұмыссыздықтың төмендеуіне тікелей байланысты. ҚР еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері төмендегі 1-суретте сипатталған:




Сурет 1 – ҚР жұмысбастылық бойынша негізгі көрсеткіштер, 2001–2022
Ескерту: [7] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

ҚР жасы 15-тен асқан және 65-ке дейінгі еңбекке қабілетті азаматтар саны жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, жұмысбасты халықтың

да саны артуда. Дегенмен өзін-өзі жұмыспен қамтыған немесе кәсіппен айналысатындардан гөрі жалдамалы жұмыскерлердің саны басым.


Жоғары білім жалақы деңгейімен және жұмыспен қамту сапасымен де байланысты. Жоғары білімі бар адамдар жоғары жалақы алады және кәсіби өсу мүмкіндігіне ие болады.



Сурет 2 – Азаматтардың негізгі табыс көзі

Ескерту: [8] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Расында, азаматтардың негізгі табыс көзі (43,1 %) айлық табысы екенін көріп отырмыз. Табыс көзінің дифференциясы аз болып тұр, яғни азаматтардың табыс көзі көп жағдайда 1-2 табыс көзіне тәуелді болып қалуы кезенді түрдегі дағдарыстардың ықпалына елеулі түрде ұшырау ықтималдығы жоғары екенін көрсетеді.



Сурет 3 – Жұмыссыздық көрсеткіштері, 2001–2022
Ескерту: [9] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жұмыссыздық деңгейі де, ұзақ мерзімді жұмыссыздық та ресми статистикаға сәйкес жыл өте бірқалыпты төмендеп келеді. Дегенмен, Қазақстанда жасырып жұмыссыздық бар. ҚР жоғары білімі барлар арасындағы жұмыссыздық – 3,8 %, техникалық және кәсіптік білімі барлар арасында – 3,6 %, орта арнайы білімі барлар арасында – 5,9 %, бастапқы кәсіптік білімі барлар арасында – 6,2 %, жалпы орта білімі барлар арасында – 7,7 %, негізгі орта білімі барлар арасында – 12,3 % және бастапқы білімі барлар арасында 45,3 %-ды көрсетіп отыр [10].

Жас топтары бойынша халықтың білім деңгейі туралы статистикалық деректер қоғамның білім беру құрылымын және оның Қазақстан Республикасындағы сегменттелген еңбек нарығына әсерін түсінудің маңызды құралы болып табылады. Мәліметтер білім берудің әртүрлі деңгейлерін – бастауыш, орта, жоғары және т.б. қамтиды және әртүрлі жас санаттары бойынша халықтың оқу жетістіктерінің динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1– Халықтың жас бойынша білім деңгейі

Жасы	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар	Жоғары білімі	Аяқталмаған білімі бар	Техникалық және кәсіптік білімі бар
	120 896	3 610 305	219 676	1 033 187

15-19	-	-	-	131 987
20-24	1 694	304 724	71 310	337 505
25-29	13 741	489 030	24 595	222 547
30-34	21 635	476 489	28 484	127 999
35-39	19 954	434 852	22 364	121 276
40-44	17 769	401 400	18 938	63 564
45-49	13 404	400 105	15 945	23 906
50-54	12 857	314 204	11 313	4 274
55-59	8 882	270 554	8 377	129
60-64	6 478	204 828	9 269	
65+	4 482	314 119	9 081	
Ескерту: [10] д е р е к к ۆ з н е г і з і н д е а в т о р л а р м е н қ ұ р а с т ы р ы л ғ а н				

1-кестеден көріп отырғанымыздай, жоғары білімі бар барлардың үлесі басым. Оның ішінде 25–49 жас аралығындағы азаматтардың үлесі көп екенін көрініп тұр, яғни жоғары білімі бар жастардың табысты жұмысқа орналасу және сапалы жұмыс алу мүмкіндігі жоғары, бұл олардың еңбек нарығындағы жағдайын тұрақтандыруға әсер етеді.

Орта және егде жастағы халықтың едәуір бөлігінің де жоғары білімі бар екенін атап өткен жөн, бұл елдегі білім деңгейінің тұрақты өсу динамикасын көрсетеді. Бұл тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етудің және кадрларды қажетті дағдылар мен біліммен қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Жалпы білім беру жүйесіне үкімет бюджеттің жалпы шығындарының қаншалықты бөлуі де маңызды. Қазақстан Республикасында білім беруге бөлінген бюджеттік шығыстардың бөлігін талдау мемлекеттің білім беруді қолдаудағы рөлін және оның сегменттелген еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандыруға әсерін бағалау үшін маңызды деректер береді. Мәліметтер білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі (бастауыш, орта, жоғары) қаражаттың бөлінуін, студенттерді қолдау бағдарламаларын және білім беру қызметтерінің сапасын қамтиды.

Бюджеттің білім беруге жұмсалатын шығындары халықтың әртүрлі топтары үшін білімнің қолжетімділігіне әсер етеді. Жоғары білім алудың кеңірек қолжетімділігі халықтың білім деңгейін көтеруге, бұл өз кезегінде

жұмыспен қамту деңгейін жақсартуға және еңбек нарығын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.



Сурет 4 – Бюджет шығындарының білімге жұмсалатын бөлігі, %
Ескерту: [11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы 4-суреттен көріп отырғанымыздай, білімге бөлінетін қаражат жыл сайын артуда. Мысалы, 2010 жылы бұл бюджеттік шығындардың 16,9 %-ын құраса, 2021 жылы 24,08 %-ды құрап отыр.

Білім беруге бюджеттік шығындарын талдау, тұрақты және бәсекеге қабілетті сегменттелген еңбек нарығын қалыптастырудың негізі болып табылатын, сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдаудың маңыздылығын растайды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН АР19576425 «Цифрландыру және технологиялық өзгерістер дәуірінде жоғары білім сапасының ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсері» гранттық қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде әзірленген.

Қорытынды

Сегменттелген еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандырудағы жоғары білімнің рөлін талдау еңбек қатынастарының динамикасына және

жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына білімнің әсері туралы бірқатар маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Талдаудың негізгі нәтижелерінің бірі – білім берудің жұмыссыздықты азайтуға, халықты жұмыспен қамту сапасын жақсартуға және жалақыны арттыруға әсерін анықтау. Жоғары білімі бар адамдардың жалақысы жоғары және беделді лауазымдарда жұмысқа орналасу мүмкіндіктері көбірек, бұл еңбек нарығындағы теңсіздікті азайтуға көмектеседі.

Іс жүзінде ҚР-да жұмыссыздар санын нақты жұмыссыздар көлемінен емес, жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны арқылы есептейтіндіктен «жасырын жұмыссыздық» елімізде елеулі екенін айтуға болады. ҚР халқының сауаттылық деңгейі әлемде ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі болып табылады (99,80 %) [12]. Жоғарыда көрсетілгендей кәсіптік және техникалық, сонымен қатар, жоғары білімділердің саны да, оң беталысқа ие. Дегенмен, пандемиядан кейінгі заманда цифрландыру кезінде «дәстүрлі білімнен» бет бұрып, адам жасына қарамай қайта оқыту, ақпараттық технология тілін меңгеру маңызды [13]. Сонымен қатар, соңғы кездегі өзекті мәселе – ЖОО мен жұмыс берушілер арасындағы серіктестік. ЖОО түлектерінің алған білімдері іс жүзінде қолданылатын болуы керек. Бұл орайда еңбек нарығындағы жоғары білімі бар азаматтардың тек жұмыс таба алуы емес, жұмыс орнын құруы, кәсіпкерлікке бет бұруы да айтарлықтай маңызды. Яғни, мемлекеттің кәсіпкерлікті ашу, субсидиялау, салық жеңілдіктерін беру, түрлі жеңілдік бағдарламаларын қолға алуы да үлкен салмаққа ие. Еңбек нарығындағы тұрақтылық кезең-кезеңмен өзгеріп тұратындықтан, циклдік жұмыссыздыққа шалынғандардың жұмыс тапқанға дейінгі қорының болуы, адамның жұмыстан айырылып қалу ықтималдығын болжауы, жаңа білімге деген ізденісі үшін жоғары білім алуы маңызды. Сондай-ақ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қаншалықты өнімді жұмыспен айналысуы, олардың білім деңгейі, табыстарының транспарентті болуы да мәселеге айналып отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көбісі ауыл шаруашылығы (33,3 %), сауда-саттық (32,1 %), тасымалдау және қоймалау (10,4 %) оларды нақты идентификациялауда қиындық тудырып отыр [14]. Бұл ретте, өзін-өзін жұмыспен қамтығандарды болашақтағы экономикалық өсу үшін жақсы резерв ретінде қарастыруға болады. Тағы бір шешімін табу керек мәселе – кәсіподақтардың жұмыстары. Көп жағдайда шет елдік тәжірибеге сүйеніп, кәсіподақтар болуы керек дегенмен, олар «қағаз жүзінде» ғана жұмыс істемеуі керек. Осы орайда, жоғарғы білім алушыларға практикалық білімді көбірек берумен қатар, қаржылық және заң жағынан сауаттылықты арттыру бойынша міндетті пән немесе элективті

курстар кіргізу арқылы еңбек нарығына жоғары оқу орындарынан ағатын адам капиталының сапасын айтарлықтай арттыруға болады.

Қорытындылай келе, сегменттелген еңбек нарығын қалыптастыру мен тұрақтандырудағы жоғары білімнің рөлінің маңыздылығын сезіну білім беру саласына инвестиция салу, сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу және студенттер мен жас мамандарды қолдау тетіктерін жасау қажеттілігін атап көрсетеді. Тек осындай кешенді тәсіл ұзақ мерзімді перспективада қоғам мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Doeringer, P. B., Piore, M. J.** Internal Labour Markets and Manpower Analysis – New York : M.E. Sharpe, Inc., Armonk, 1971.

2 **Reich, M. R., Gordon, D. M., Edwards, R.** A Theory of Labor Market Segmentation // The American Economic Review. - 1973. – №63.– P. 359–365.

3 **Lauder, H., Mayhew K.** Higher education and the labour market: an introduction // Oxford Review of Education. – 2020. – № 46:1. – P. 1–9.

4 **Boateng, K.** United Nations. Economic Commission for Africa. (2002-06). Higher education and the labour market : a logical framework for policy makers in Africa’s education sector – Addis Ababa : UN. ECA, 2006. [Electronic resource]. – <https://hdl.handle.net/10855/21915>.

5 **Салибекова, П. К., Калиева, А. Е., Болуспаев, Ш. А.** Теоретический обзор научных исследований качества высшего образования на основе библиометрического анализа // Economics : the strategy and practice. – 2023. – №18(4). – Б : 40–54.

6 Қазақстан халық санағы. 2021. [Электрондық ресурс]. – [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D1%85%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D2%93%D1%8B_\(2021\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D1%85%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D2%93%D1%8B_(2021)).

7 Ұлттық статистика бюросы. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық. Негізгі көрсеткіштер. [Электрондық ресурс]. – <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/>.

8 Ұлттық статистика бюросы. Жалпы ұлттық халық санағы 2021. [Электрондық ресурс]. – stat.gov.kz/upload/iblock/6c6/d55qxopx7t9m5r5odz0jjax0vmxfvdf/Доходы_и_источники_средств_существования_населения_РК.pdf

9 Уровень безработицы в РК сильно зависит от уровня образования. 2024. [Электронный ресурс]. – <https://ranking.kz/digest/socium-digest/uroven-bezrobotitsy-v-rk-silno-zavisit-ot-urovnya-obrazovaniya.html>.

10 Ұлттық статистика бюросы. Жалпы ұлттық халық санағы 2021. ҚР білім беру. [Электрондық ресурс]. – [https://stat.gov.kz/upload/iblock/eb4/ck5q6hpuerqeib6tzah5q0m39mv3bwjp/%D0%9E%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20%D1%80%D1%83%D1%81\).pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/eb4/ck5q6hpuerqeib6tzah5q0m39mv3bwjp/%D0%9E%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20%D1%80%D1%83%D1%81).pdf).

11 World Bank Open Data. Government expenditure on education, total (% of GDP) - Kazakhstan | Data (worldbank.org). [Electronic resource]. – <https://data.worldbank.org/indicator/SE.XPD.TOTL.GD.ZS?locations=KZ>.

12 Kazakhstan literacy rate, 20247. [Electronic resource]. – <https://www.macrotrends.net/global-metrics/countries/KAZ/kazakhstan/literacy-rate>.

13 **Қабылқайратқызы, Р., Қондыбаева, С.** Пандемиядан кейінгі еңбек нарығы : жаңа беталыс —цифрландыру // Научный журнал «Вестник НАН РК». – 2022. - №4. – Б: 293–304.

14 Economic research institute. Самозанятость как социально-экономическая проблема Казахстана. [Электронный ресурс]. – <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=55>.

REFERENCES

1 **Doeringer, P. B., Piore, M. J.** Internal Labour Markets and Manpower Analysis – New York : M.E. Sharpe, Inc., Armonk, 1971.

2 **Reich, M. R., Gordon, D. M., Edwards, R.** A Theory of Labor Market Segmentation // The American Economic Review. – 1973. – №63. – P. 359–365.

3 **Lauder, H., Mayhew K.** Higher education and the labour market: an introduction // Oxford Review of Education. – 2020. – № 46:1. – P.: 1–9.

4 **Boateng, K.** United Nations. Economic Commission for Africa. (2002-06). Higher education and the labour market: a logical framework for policy makers in Africa’s education sector – Addis Ababa : UN. ECA, 2006. [Electronic resource]. – <https://hdl.handle.net/10855/21915>.

5 **Salibekova, P. K., Kaliyeva, A. E., Boluspaev, Sh. A.** Teoreticheskiy obzor nauchnyh issledovaniy kachestva vysshogo obrazovaniya na osnove bibliometricheskogo analiza [Theoretical review of scientific research on the quality of higher education based on bibliometric analysis] // Economics: the strategy and practice. – 2023. – № 18(4). – P. 40–54.

6 Qazaqstan halyq sanaғы (2021) [Kazakhstan population census (2021)]. [Electronic resource]. – https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD_%D1%85%

[D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D0%B0%D0%BD%D0%B0%D2%93%D1%8B_\(2021\).](https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/)

7 Ұлттық статистика бюросы. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық. Negізгі көрсеткіштер [National Bureau of Statistics. Employment and unemployment. Key indicators]. [Electronic resource]. – <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/>.

8 Ұлттық статистика бюросы. Jalpyұлттық halyq санағы 2021 [National Bureau of Statistics. General National Population Census 2021]. [Electronic resource]. – stat.gov.kz/upload/iblock/6c6/d55qxopx7t9m5r5odz0jjax0vmxfvdf/Доходы_и_источники_средств_существования_населения_РК.pdf.

9 Uroven bezrabortitsy v rk silno zavisit ot urovnya obrazovaniya. 2024 [The unemployment rate in the Republic of Kazakhstan strongly depends on the level of education. 2024]. [Electronic resource]. – <https://ranking.kz/digest/socium-digest/uroven-bezrabortitsy-v-rk-silno-zavisit-ot-urovnya-obrazovaniya.html>

10 Ұлттық статистика бюросы. Jalpyұлттық halyq санағы 2021. QR bilim беру [National Bureau of Statistics. General national population census 2021. Education of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – [https://stat.gov.kz/upload/iblock/eb4/c5q6hpuerqeib6tzah5q0m39mv3bwjp/%D0%9E%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20\(%D1%80%D1%83%D1%81\).pdf](https://stat.gov.kz/upload/iblock/eb4/c5q6hpuerqeib6tzah5q0m39mv3bwjp/%D0%9E%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%B2%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B5%20(%D1%80%D1%83%D1%81).pdf).

11 World Bank Open Data. Government expenditure on education, total (% of GDP) – Kazakhstan | Data (worldbank.org). [Electronic resource]. – Access mode: <https://data.worldbank.org/indicator/SE.XPD.TOTL.GD.ZS?locations=KZ>

12 Kazakhstan literacy rate, 20247. [Electronic resource]. – <https://www.macrotrends.net/global-metrics/countries/KAZ/kazakhstan/literacy-rate>.

13 **Kabyлqairatqyzy, R., Kondybayeva, S.** Pandemiyadan keingi eñbek naryғы: жаңа betalys –sifirlandyru [The post-pandemic labor market: the new beta – digitization] // Nauchnyi jurnal «Vestnik NAN RK» [Scientific journal «Bulletin of NAS RK0»]. – 2022. – № 4. – P. 293–304.

14 Economic research institute. Samozanyatost kak sotsialno-ekonomicheskaya problema Kazahstana [Self-employment as a socio-economic problem in Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=55>.

31.03.24 ж. баспаға түсті.

12.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

16.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. К. Кондыбаева, Р. Қабылқайратқызы, А. Е. Калиева
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 31.03.24
Поступило с исправлениями 12.04.24
Принято в печать 16.05.24

АНАЛИЗ РОЛИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ И СТАБИЛИЗАЦИИ СЕГМЕНТИРОВАННОГО РЫНКА ТРУДА

Данная статья проводит анализ роли высшего образования в формировании и стабилизации сегментированного рынка труда. Основная цель исследования заключается в выявлении влияния образования на динамику трудовых отношений, уровень занятости и качество занятости населения. В статье рассматриваются ключевые аспекты взаимосвязи между образованием и рынком труда, такие как доступность образования, занятость населения, источники дохода населения и уровень безработицы. Исследование основано на анализе научной литературы, статистических данных о занятости и уровне образования населения. Сегментированный рынок труда представляет вызовы, связанные с различиями в условиях труда, доходах и возможностях карьерного роста между разными группами работников. Однако высшее образование может стать мощным инструментом для смягчения этих различий и формирования более сбалансированного и равноправного рынка труда. Авторы подчеркивают важность высшего образования как инструмента для сокращения неравенств на рынке труда, повышения профессиональной подготовки работников и обеспечения устойчивого развития экономики. Результаты исследования помогают лучше понять механизмы взаимодействия между образованием и трудовым рынком, что является основой для разработки эффективных стратегий в области образования и занятости.

Ключевые слова: Высшее образование, рынок труда, сегментация рынка труда, занятость, безработица

*S. K. Kondybayeva, R. Kabylkairatkyzy, A. E. Kaliyeva³

Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 31.03.24

Received in revised form 12.04.24

Accepted for publication 16.04.24

ANALYSIS OF THE ROLE OF HIGHER EDUCATION IN THE FORMATION AND STABILIZATION OF A SEGMENTED LABOR MARKET

This article analyzes the role of higher education in shaping and stabilizing the segmented labor market. The main goal of the study is to identify the influence of education on the dynamics of labor relations, employment rates, and employment quality of the population. The article examines key aspects of the relationship between education and the labor market, such as educational accessibility, employment rates, sources of income, and unemployment levels. The research is based on the analysis of scientific literature and statistical data on employment and education levels of the population. The segmented labor market presents challenges related to differences in working conditions, income levels, and career opportunities among different groups of workers. However, higher education can be a powerful tool to mitigate these differences and create a more balanced and equitable labor market. The authors emphasize the importance of higher education as a tool for reducing inequalities in the labor market, enhancing workers' professional skills, and ensuring sustainable economic development. The research findings contribute to a better understanding of the mechanisms of interaction between education and the labor market, providing a basis for the development of effective strategies in the fields of education and employment.

Keywords: Higher education, labor market, labor market segmentation, employment, unemployment.

Теруге 28.05.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4253

Сдано в набор 28.05.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4253

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz